

Атаулы күндер мен мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 07 сәуірдегі N 123/42 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 сәуірде N 3763 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі N 130/44 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 28.04.2014 N 130/44 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларының 10-тармағына сәйкес Шарбақты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің келесі мөлшерлері белгіленсін:
9 мамыр – Жеңіс Күніне орай:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне (бұдан әрі – ҰОС) – 69 айлық есептік көрсеткіш көлемінде (бұдан әрі – АЕК), сондай-ақ азық-түлік жиынтығына 5000 (бес мың) теңге сомасында; жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға, атап айтқанда:

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған азаматтарға – 1,8 АЕК көлемінде;

концлагерлердің бұрынғы кәмелет жасқа толмаған тұтқындарына – 1,8 АЕК көлемінде;

ҰОС кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Кеңес Армиясының,

Әскери–Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі – КСРО) ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелетін қалаларда болған адамдарға – 1,8 АЕК көлемінде;

Ауғанстандағы соғыс оқиғаларына қатысқан Кеңес Армиясының әскери қызметкерлеріне – 14 АЕК көлемінде;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі – ЧАЭС) апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға – 3,5 АЕК көлемінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларына теңестірілген басқа да санаттардағы тұлғаларға, атап айтқанда:

қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған ҰОС қатысушыларының, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың басқа некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 1,8 АЕК көлемінде;

1988 – 1989 жылдардағы ЧАЭС апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға – 3,5 АЕК көлемінде;

ҰОС жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға – 1,8 АЕК көлемінде;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) ҰОС жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға – 1,8 АЕК көлемінде;

1 Қазан – Халықаралық қарттар күніне орай: ең төмен зейнетақы және жәрдемақы алатын, зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға, атап айтқанда:

жалғызбасты және жалғыз тұратын, зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға – 1,2 АЕК көлемінде;

80 және одан үлкен жастағы, зейнеткерлерге – 2,9 АЕК көлемінде;

қазанның 2 жексенбісі – Халықаралық мүгедектер күніне орай: мүгедектер, атап айтқанда:

18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 2,3 АЕК көлемінде;

1, 2 топтардағы мүгедектерге – 2,3 АЕК көлемінде;
кәмелет жасқа толмаған балалары бар мүгедектерге – 2,3 АЕК көлемінде.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының
тұрақты комиссияларына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Г. Бердығожина

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Әбдірахманов

"КЕЛІСІЛДІ"

Павлодар облысы әкімінің орынбасары

Ғ. Сәдібеков

2014 жылғы 07 сәуір